

Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 30 мамырдағы "Мемлекеттік қызмет көрсетудің кейбір стандарттарын бекіту туралы" N 138 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 30 қыркүйектегі N 373 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 19 қазанда N 7-11-102 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі N 273 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 30.09.2010 N 273 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңдарын басшылыққа алып, аудандық деңгейде көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Мемлекеттік қызмет көрсетудің кейбір стандарттарын бекіту туралы" 2008 жылғы 30 мамырдағы N 138 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-11-70 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 25 шілдеде "Екпін" газетінде жарияланған, 2009 жылғы 31 шілдедегі N 284 Аудан әкімдігінің "Мемлекеттік қызмет көрсетудің кейбір стандарттарын бекіту туралы" 2008 жылғы 30 мамырдағы N 138 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-11-101 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 18 қыркүйекте N 51-52 "Екпін" газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) осы қаулының 10 қосымшасының 12-тармағы 9-тармақшасындағы "(түбіртектер мен кітапшалар)" деген сөздерден кейін "абонент болып табылатынын растайтын құжат (шарт немесе телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот)" деген сөздермен толықтырылсын.

2) 12 қосымшасының 12-тармағы 5 тармақшасы: 5-1) "Облыс орталығындағы гемодиализ аппаратына мұқтаж ауданның 1 топтағы мүгедектеріне дәрігерлік кеңес беру комиссиясының анықтамасы, Ауған соғысының қатысушыларының куәлігі, Чернобыль атом электр станциясында болған аварияның зардаптарын жоюға қатысушыларының куәлігі, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға емдеу сауықтыру

санаториясында емделу үшін дәрігерлік кеңестің қорытындысы." деген тармақшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Люция Әсетқызы Жұбанышқалиеваға жүктелсін.

Аудан әкімі

Ө.Мырзағалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК